* Презентация Бала тәрбиелеудегі салт-дәстүрлер

* «ЕЛ БОЛАМЫН ДЕСЕҢ, БЕСІГІҢДІ ТҮЗЕ»

* М.ӘУЕЗОВ



* Әлди, әлди ақ бөпем,
* Ақ бесікке жат бөпем!,
* Айыр қалпақ киісіп,
* Ақырып жауға тиісіп,
* Батыр болар ма екенсің!
* Бармақтары майысып,
* Ою-өрнек ойысып,
* Ұста болар ма екенсің!
* Таңдайларың тақылдап,
* Шешен болар ма екенсің!
* Құрығыңды майырып,
* Түнде жылқы қайырып,
* Қызмет қылар ма екенсің?!
* Қолымыздан іс алып,
* Бақытымызға жан балам,
* Бізді бағар ма екенсің?!



# *Тұсаукесер



* ҚАЗ-ҚАЗ, БАЛАМ,
* ҚАЗ БАЛАМ,
* ҚАДАМ БАССАҢ, МӘЗ БОЛАМ.
* ҚАЗ-ҚАЗ, БАЛАМ, ҚАЗ БАЛАМ.
* ТАҚЫМЫҢДЫ ЖАЗ БАЛАМ.
* КҮРМЕУІҢДІ ШЕШЕЙІН,
* ТҰСАУЫҢДЫ КЕСЕЙІН ...
* БАЛТЫРЫҢДЫ ТҮРЕ ҒОЙ.
* ТАЙ-ҚҰЛЫН БОП ШАБА ҒОЙ,
  ОЗЫП БӘЙГЕ АЛА ҒОЙ.
  ӨМІРГЕ АЯҚ БАСА БЕР,
* АСУЛАРДАН АСА БЕР.
* ЖЕЛБІРЕСІН ТҰЛЫМЫҢ.
* ЕЛГЕЗЕК БОЛ, ЕРІНБЕ,
* ІЛГЕРІ БАС, ШЕГІНБЕ,





# Тұсаукесер

Ала жіп
(Ала жіпті аттамау, ешкімнің еңбегін жемеу)

Ел сыйлаған, ауыл үлгі ететін жасы үлкенге кестіру-сол үлкендей болып, соның жолын қуу

Тұсауы кесілген сәбидің жолы айқара ашық, жолы ақ болсын деген тілекпен

# Атқамінер тойы



* Ақ тілек, ақ тілек,
* Атқа тоқым сал, тілек.
* Жасыңнан малды баға біл,
* Атқа жақсы шаба біл.
* Өнеге, өнер таба біл,
* Аймағыңа жаға біл.
* Мінеки, атқа міндің – ашылды жол

**Мақсаты:балаға үлкен жауапкершілік артып, сана-сезімінің оянуына, тез есеюіне әсер ету.**






* «САНДУҒАШТАЙ САЙРАП КЕТ!», «ЖИРЕНШЕДЕЙ КӨСЕМ БОЛ, ЖӘНІБЕКТЕЙ КӨСЕМ БОЛ!»ДЕГЕН АУЫЛ АҚСАҚАЛДАРЫНЫҢ АҚ ТІЛЕКТЕРІ